



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

24.06.2023 ж.

№ 26, 1-т.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты дамыту Тұжырымдамасы тұрғысында Атырау облыстық кәсіподақ ұйымының кәсіподақ активі оқуының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы**

Кәсіподақтың Атқару комитеті «Атырау облысының білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Қылышбай Сүндетұлының ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Салалық кәсіподақтың Атқару комитеті **атап өтеді:**

Облыстық кәсіподақ ұйымы кәсіподақ активі оқуының тиімділігін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Кәсіподақ оқуын ұйымдастыру және өткізу мәселелері Атқару комитетінің отырыстарында қаралып, кәсіподақ мүшелерінің қатысуымен еңбек заңнамасының ережелерін тәжірибелік қолдану, қызметкерлерге еңбекақы төлеу және басқа да нормативтік-құқықтық актілер мәселелері бойынша тұрақты негізде семинарлар өткізіледі.

Кәсіподақ оқуында жаңа сандық технологиялар мен оқытудың техникалық құралдары қолданылады. Вебинарлар, онлайн дәрістер мен кездесулер өткізуде ZOOM платформасы пайдаланылады.

Дегенмен, кәсіподақ оқуына қатысты кемшіліктер де кездеседі. Оқыту тақырыптарын нақты проблемалар мен салалық сипаттағы міндеттерге келтіріп, тәжірибеге оқытудың жаңартылған озық нысандары мен әдістерін енгізу қажет.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау облысының білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Қылышбай Сүндетұлының ақпараты назарға алынсын.

2. «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы» ҚБ төрағасы Сүндетұлы Қылышбай Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының 2019-2024 жылдарға арналған қызметінің бағдарламасын және «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты дамыту тұжырымдамасының іске асырылу барысын кәсіподақ ұйымдары

жұмысының негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырсын..

3. Атырау облыстық кәсіподақ ұйымының барлық деңгейдегі басқарушы органдары:

- кәсіподақ белсенділерін, кәсіподақ мүшелерін оқыту бойынша жұмысты жандандырсын;

- білім беру ұйымдарының басшыларын, бухгалтерлер мен экономистерді еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы практикалық қолдану бойынша оқыту үшін қолда бар ресурстарды пайдалансын;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ оқуы бойынша жүйелі мониторинг жүргізсін;

- бейне сабақтарды, презентацияларды және оқытудың басқа да инновациялық әдістерін қолдану арқылы жұмысты жандандырсын;

- кәсіподақ семинарларының қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар мен жинақтар әзірлесін.

4. «Атырау облысының білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ осы қаулының орындалуы туралы ақпаратты 2023 жылғы 1 желтоқсан мерзіміне Кәсіподақтың Орталық комитетіне жолдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева